



Бекітілген

Қамқоршылық кеңес шешімімен/

30 11 2022 ж., №

Ж.Бердалина

Күжат түрі:

Ереже

Код:

РЕК-ОР-02

Күжаттың атауы:

Қамқоршылар кеңесі жұмысының Ережесі

Редакция:

Қамқоршылар кеңесінің хатшысы

Процесс иесі:

3 жыл

Процесс:

30 11 2022 ж.

Қайта қарау мерзімі:

Қолданысқа енгізілген
күні:

Күшін жою күні:

20 20 ж.

(көлі)

Күшін жоюдың негізі:

	Лауазымы	Аты-жөні	Көлі	Күні
Әзірленді	Корпоративтік хатшы Ректор кеңесінің басшысы Зан басқармасының директоры	Кауменова А. Е. Нуранова Б.Ш. Купянская Т.Н.		

 ALMA ALMATY MANAGEMENT UNIVERSITY	П-РЕК-ОР-2	Қамқоршылар Кенесі туралы ереже	Редакция _	Беті 2\10
--	------------	------------------------------------	------------	-----------

Мазмұны

1. Құжаттың мақсаты	2
2. Құжаттың қолданылу саласы	2
3. Сілтемелер.....	2
4. Терминдер мен қысқартулар	2
5. Жауапкершілік	3
6. Процесті орындау тәртібі.....	3
6.1. Жалпы ережелер	3
6.2. Мақсаты мен міндеттері	4
6.3. Қамқоршылық кенесті сайлау тәртібі мен құрамы.....	4-5
6.4. Қамқоршылық кенестің жұмысын ұйымдастыру тәртібі.....	5-6
6.5. Сырттай дауыс беруді өткізу тәртібі.....	6-7
6.6. Қамқоршылар кеңесінің жұмыс сапасын бағалау.....	7-8
6.7. Қамқоршылық кенестің жұмысын тоқтату.....	8

1. Құжаттың мақсаты

Осы Ереже "Алматы Менеджмент Университеті" білім беру мекемесінің (бұдан әрі – Университет, білім беру үйімі) Қамқоршылық кеңесінің (бұдан әрі – Қамқоршылық кеңес, Кеңес) қызметін ұйымдастыру тәртібін, атап айтқанда, Қамқоршылық кенестің сайлану, шығу тәртібін, құрамын, өкілеттіктерін, жұмысын ұйымдастыру тәртібі және жұмысын тоқтатуын айқындайды.

2. Құжаттың қолданылу саласы

Осы Ереже Университеттің ішкі құжаты болып табылады және Университеттің білім беру қызметінде ішкі пайдалануға арналған.

3. Сілтемелер

Осы Ереже мынадай нормативтік құжаттар негізінде әзірленді:

- 3.1. "Білім туралы" Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі № 319-III Заңы;
- 3.2. "Қамқоршылық кенестің жұмысын ұйымдастырудың үлгілік қағидаларын және оны білім беру үйімдарында сайлау тәртібін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2017 жылғы 27 шілдедегі № 355 бұйрығы;
- 3.3. "Тиісті үлгілер мен түрлердегі білім беру үйімдары қызметінің үлгілік қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 30 қазандығы № 595 бұйрығы;

4. Терминдер

Қамқоршылар-қамқоршылық қызметті жүзеге асыратын жеке және заңды тұлғалар.

Қамқоршылық-білім беру жүйесін дамытуды қолдаумен байланысты әлеуметтік белсенділік саласы.

Қамқоршылық кеңес-білім беру үйімінің алқалы басқару органы.

Ереже-Қамқоршылық кенестің құрылу тәртібін, құқықтарын, міндеттерін, жауапкершілігін және жұмысын ұйымдастыруды, сондай-ақ оның Университеттің басқа құрылымдық бөлімшелерімен өзара іс-қимылын реттейді.

Құрылтайшы-мұліктің меншік иесі немесе ол уәкілеттік берген орган немесе жеке немесе заңды тұлға.

 ALMA ALMATY MANAGEMENT UNIVERSITY	П-РЕК-ОР-2	Қамқоршылар Кеңесі туралы ереже	Редакция _	Беті 3\10
--	------------	------------------------------------	------------	-----------

5. Жауапкершілік

5.1. Қамқоршылық кеңесінің төрағасы:

- Қамқоршылық кеңестің жұмысын ұйымдастыру және оның қызметін қамтамасыз ету;
- Қамқоршылық кеңестің және оның мүшелерінің осы Ережені сақтауы;
- Қамқоршылық кеңестің отырыстарын өткізу;
 - Қамқоршылық кеңес Комитеттерінің жұмысын ұйымдастыру;
 - Кеңес шешімдерінің орындалуына мониторинг жүргізу.

5.2. Қамқоршылар кеңесінің хатшысы жауапты:

- Қамқоршылық кеңестің отырыстарын ұйымдастыру;
- отырыстарға құжаттарды дайындау;
- Қамқоршылық кеңестің іс қағаздарын жүргізу.

5.3. Ректор кеңесінің басшысы жауапты:

- Қамқоршылық Кеңестің құзыретіне жататын мәселелер бойынша құжаттарды дайындау және ақпарат беру;
- Қамқоршылық кеңестің шешімдерін орындау.

6. Процесті орындау тәртібі

6.1. Жалпы ережелер

6.1.1. Университетті басқару Қазақстан Республикасының заңнамасына, тиісті үлгідегі білім беру үйімдары қызметінің Үлгілік қағидаларына, осы Ережеге және Университет Жарғысына сәйкес корпоративтік басқару және алқалылық қағидаттарында жүзеге асырылады.

6.1.2. Университетті тікелей басқаруды Ректор жүзеге асырады.

6.1.3. Қамқоршылық кеңес Университет Ректорымен, ата-аналар комитетімен, жергілікті атқарушы органдармен, мұдделі мемлекеттік органдармен және өзге де жеке және/немесе заңды тұлғалармен өзара іс-қимыл жасайды.

6.1.4. Қамқоршылық кеңес мүшелерінің өз өкілеттіктерін орындауды өтеусіз негізде жүзеге асырылады.

6.2. Мақсаты мен міндеттері

Қамқоршылық кеңес:

6.2.1. Қазіргі заманғы талалтар деңгейінде іргелі және қолданбалы сипаттағы міндеттерді шешуге қабілетті түрлі салалардың жоғары білікті мамандарын даярлау орталығы ретінде Университетті дамытудың және оны қалыптастырудың өзекті міндеттерін шешуге жәрдемдеседі.

6.2.2. Университет Жарғысына өзгерістер және / немесе толықтырулар енгізу туралы ұсыныстар енгізеді.

6.2.3. Стратегиялық дамуда анықтайды, Университеттің стратегиялық жоспарлары мен даму жоспарларын бекітті. Білім беруде даму және оқу жағдайларын жақсартуға жәрдемдеседі.

6.2.4. Университет бюджетін қалыптастыру кезінде ұсыныстар енгізеді, Университет бюджетін, жүргізілген аудит қорытындыларын бекітеді.

6.2.5. Университет Ректорының бос лауазымына орналасуға кандидаттармен әңгімелесу қорытындысы бойынша келіседі және шешім шығарады.

6.2.6. Ректордың Университет қызметі туралы, оның ішінде білім беру қызметтерін сапалы ұсыну туралы есептерін тыңдайды.

6.2.7. Университет қызметімен танысады, білім алушылармен және Университет ұжымымен кездесулер өткізеді.

6.2.8. Университетке кайырымдыштық көмек түрінде түскен қаржы қаражатын бөлуге қатысады және оның мақсатты жүмсалуы туралы шешім қабылдайды.

 ALMA ALMATY MANAGEMENT UNIVERSITY	П-РЕК-ОР-2	Қамқоршылар Кеңесі туралы ереже	Редакция _	Беті 4 ¹⁰
--	------------	------------------------------------	------------	----------------------

- 6.2.9. Университетті дамытудың басым бағыттары бойынша ұсыныстар береді, көрсетілетін қызметтердің сапасын жақсартуға жәрдемдеседі.
- 6.2.10. Білім алушылардың құқықтарының сақталуына, сондай-ақ Университет шотына түсетін қайырымдылық көмектің жүмсалуына қоғамдық бақылауды жүзеге асырады.
- 6.2.11. Инновациялық жобаларды бастау білдіреді және қолдайды.
- 6.2.12. Өнірлік және халықаралық қызметті кеңейтуге жәрдемдеседі.
- 6.2.13. Қаржылық қолдау көрсетеді, Университеттің материалдық-техникалық базасын нығайтады.
- 6.2.14. Халықтың әлеуметтік осал топтарынан білім алушыларды білім алуға және жұмысқа орналастыруға жәрдемдеседі.
- 6.2.15. Университет қызметінің мәселелері бойынша конференцияларға, кеңестерге, семинарларға қатысады.
- 6.2.16. Университет қызметінің тиімділігін арттыруға байланысты өзге де мәселелерді шешуге жәрдемдеседі.
- 6.2.17. Университет қызметкерлері (құрылымдық бөлімшелердің) Қамқоршылық Кеңестің құзыретіне жататын мәселелер бойынша ақпарат беруге жәрдемдеседі.

6.3. Қамқоршылық кеңесті сайлау тәртібі мен құрамы.

6.3.1. Университеттің Құрылтайшысы мен Ректоры Қамқоршылық кеңесті қалыптастыру және оның құрамы бойынша ұсыныстарды қабылдау туралы хабарландыруды өзінің интернет-ресурсында және/немесе мерзімді баспасөз басылымында қазақ, орыс және ағылшын тілдерінде жариялады.

Ұсыныстарды қабылдау хабарландыру жарияланған күннен кейін отыз жұмыс күні ішінде жүзеге асырылады.

6.3.2. Қамқоршылық кеңестің құрамы Қамқоршылық кеңестің мүшелігіне кандидаттардың жазбаша келісімімен алынған ұсыныстар негізінде қалыптастырылады және ұсыныстарды қабылдау аяқталғаннан кейін он жұмыс күні ішінде Университеттің Құрылтайшысы мен Ректоры бекітеді.

6.3.3. Қамқоршылық кеңестің құрамына кіретіндер:

- 1) жергілікті өкілді, атқарушы және құқық қорғау органдарының өкілдері;
- 2) бизнес және әлеуметтік әріптестер өкілдері;
- 3) коммерциялық емес ұйымдардың өкілдері;
- 4) ата-аналар комитеті ұсынған ата-аналар комитетінің және Университет білім алушыларының өкілдері (бір өкілден);
- 5) Университет Ректоры Қамқоршылық кеңестің мүшесі бола отырып, Қамқоршылық кеңестің отырыстарына қатысады.

6.3.4. Қамқоршылық кеңестің құрамына кірмейді:

- 1) Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген тәртіппен әрекетке қабілетсіз немесе әрекет қабілеті шектеулі деп танылған адамдар;
- 2) денсаулық сактау ұйымдарында есепте тұрған, медициналық қарсы көрсетілімдері бар, сондай-ақ психикалық, мінез-құлық өзгерістері (аурулары), оның ішінде психоактивті заттарды қолдануға байланысты.

6.3.5. Қамқоршылық кеңес мүшелерінің саны тақ болып табылады және мүмкіндігінше бір-бірімен және білім беру ұйымының басшысымен туыстық қарым-қатынаста емес, кемінде тоғыз адамды құрайды.

6.3.6. Қамқоршылық кеңес мүшелерінің өкілеттік мерзімі үш жылды құрайды.

6.3.7. Қамқоршылар кеңесінің мүшелері Университет қызметкерлерінің құрамына кірмейді.

6.3.8. Мемлекеттік органдардың өкілдері болып табылатын Қамқоршылық кеңес құрамындағы мүшелер саны үш адамнан аспайды.

 ALMA ALMATY MANAGEMENT UNIVERSITY	П-РЕК-ОР-2	Қамқоршылар Кеңесі туралы ереже	Редакция _	Беті 5\10
--	------------	------------------------------------	------------	-----------

- 6.3.9. Көпшілік дауыспен ашық дауыс беру арқылы Қамқоршылық кеңестің отырысында сайланатын (қайта сайланатын) оның тәрағасы Қамқоршылық кеңестің басшысы болып табылады.
- 6.3.10. Мемлекеттік органдардың өкілдерін Қамқоршылық кеңестің тәрағасы сайламайды және оның міндеттерін орындамайды.
- 6.3.11. Қамқоршылық кеңестің тәрағасы болмаған жағдайда, оның функцияларын Қамқоршылық кеңестің құрамына кіретін мемлекеттік органдардың өкілдерін қоспағанда, Қамқоршылық кеңес тәрағасының шешімі бойынша Қамқоршылық кеңес мүшелерінің бірі жүзеге асырады.
- 6.3.12. Тәраға Қамқоршылық кеңестің атынан әрекет етеді және оның қызметін осы Ережеге сәйкес қамтамасыз етеді.
- 6.3.13. Қамқоршылық кеңестің хатшысы Университет қызметкерлерінің арасынан тағайындалады және Қамқоршылық кеңестің мүшесі болып табылмайды.
- 6.3.14. Қамқоршылық кеңестің хатшысы Қамқоршылық кеңес отырыстарының материалдары мен хаттамаларын дайындауды, өткізуі, ресімдеуді қамтамасыз етеді.
- 6.3.15. Кеңес құрамында кеңестің құрметті мүшесі мәртебесін беру көзделеді Қамқоршылар кеңесінің құрметті мүшесі мәртебесі Кеңестің шешімімен берілуі мүмкін.
- 6.3.16. Қамқоршылар кеңесінің құрметті мүшесі Кеңес отырыстарына қатыспауы мүмкін. Кеңестің құрметті мүшесі шешім қабылдау кезінде дауыс бермейді, оның пікірі ұсынымдық сипатта болады.

6.4. Қамқоршылық кеңестің жұмысын үйімдастыру тәртібі

- 6.4.1. Қамқоршылық кеңестің отырысын оның Тәрағасы: өз бастамасы бойынша, Қамқоршылық кеңес мүшелерінің жалпы санының уштен екісінің бастамасы бойынша шақырады.
- 6.4.2. Қамқоршылық кеңестің отырысын шақыру туралы хабарламаға Қамқоршылық кеңестің Тәрағасы қол қояды және Қамқоршылық кеңестің мүшелеріне және Университетке қажетті материалдармен бірге отырыс өткізілетін күнге дейін он төрт жұмыс күнінен кешіктірілмейтін мерзімде жіберіледі.
- 6.4.3. Хабарламада отырыстың өткізілетін күні, уақыты мен орны қамтылады.
- 6.4.4. Хабарламаға: баяндамашыны көрсете отырып, отырыстың күн тәртібі, көрсетілген мәселелерді күн тәртібіне енгізу себептерін көздейтін анықтамалық материалдар, отырысқа Қамқоршылық кеңес мүшелеріне ұсынылатын қажетті құжаттар қоса беріледі.
- 6.4.5. Қамқоршылық кеңестің отырысын өткізу туралы хабарлама алған Қамқоршылық кеңестің мүшесі оны өткізу күніне дейін бес жұмыс күнінен кешіктірмей өзінің қатысуы немесе қатыспауы туралы Қамқоршылық кеңестің хатшысын хабардар етеді.
- 6.4.6. Қамқоршылық кеңестің Тәрағасы шақыру туралы ұсыныс түскен күннен бастап бес жұмыс күнінен кешіктірмей Қамқоршылық кеңестің отырысын шақырады.
- 6.4.7. Қамқоршылық кеңестің отырыстары қажеттілігіне қарай, бірақ тоқсанына кемінде бір рет өткізіледі. Қамқоршылық кеңестің отырысы онлайн (қашықтан) өткізілуі мүмкін.
- 6.4.8. Қамқоршылық кеңестің шұғыл және жоспардан тыс отырыстары күндізгі немесе онлайн (қашықтықтан) режимде өткізілуі мүмкін.
- 6.4.9. Егер Қамқоршылық кеңестің барлық мүшелеріне оның өткізілетін уақыты мен орны туралы хабарланса және отырысқа оның мүшелерінің жалпы санының кемінде уштен екісі қатысса, Қамқоршылық кеңестің отырысы заңды болып табылады.
- 6.4.10. Қамқоршылық кеңес мүшесінің өз дауысын Қамқоршылық кеңестің басқа мүшесіне не адамға сенімхат бойынша беруіне жол берілмейді. Қамқоршылық кеңестің әрбір мүшесінің дауыс беру кезінде оны беру құқығының бір дауысы болады.
- 6.4.11. Қамқоршылық кеңестің шешімі оған қатысқан мүшелердің көпшілік даусымен ашық немесе жабық дауыс беру арқылы қабылданады. Дауыстар тең болған кезде Қамқоршылық

кеңестің Төрағасы, ал ол болмagan жағдайда Қамқоршылық кеңес Төрағасының функцияларын жүзеге асыратын адам дауыс берген шешім қабылданады.

6.4.12. Қамқоршылық кеңестің шешімі хаттамамен ресімделеді, оған отырысқа қатысып отырған Қамқоршылық кеңес мүшелері қол қоюға тиіс.

6.4.13. Хаттама Қамқоршылық кеңестің отырысы өткізілгеннен кейін он жұмыс күнінен кешіктірілмейтін мерзімде Ректорга жіберіледі.

6.4.14. Университет Қамқоршылық кеңестің өткізілген отырысы туралы ақпаратты өзінің интернет-ресурсында жариялады.

6.4.15. Университетке қайырымдылық көмек ерікті түрде өтеусіз негізде көрсетіледі және осы Ережеде көзделген тәртіппен Қамқоршылық кеңестің шешімі бойынша ғана жұмсалады.

6.4.16. Қайырымдылық көмектен түсетін түсімдер мынадай мақсаттарға жұмсалады: Университет білім алушыларын әлеуметтік жағынан қолдау; Университеттің материалдық-техникалық базасын жетілдіру; спортты дамыту; білім берудің мемлекеттік жалпы білім беру стандарттарының талаптарынан тыс білім беру процесін ұйымдастыруға арналған шығыстарды жүзеге асыру.

6.4.17. Университет жыл сайын қаржылық қорытындысы бойынша Университеттің интернет-ресурсында тиісті есепті орналастыру арқылы қайырымдылық көмек қаражатын пайдалану және оның қозғалысы жөніндегі қызметтің нағізелері туралы жүргіштілдікты хабардар етеді.

6.4.18. Негұрлым маңызды мәселелерді қарau және Қамқоршылық кеңестің шешімі бойынша ұсынымдар дайындау мақсатында мынадай мәселелер бойынша комитеттер мен жұмыс топтары құрылуы мүмкін: стратегиялық жоспарлау; академиялық мәселелер; қаржы мәселелері; немесе Қамқоршылық кеңестің қарауындағы мәселелер.

6.4.19. Комитеттер мен жұмыс топтарын қалыптастыру және олардың жұмысын ұйымдастыру тәртібін Қамқоршылық кеңес белгілейді және тиісті құжатпен регламенттеледі.

6.4.20. Қамқоршылар кеңесінің комитеттері мен жұмыс топтары Қамқоршылар кеңесінің мүшелерінен және шақырылған сарапшылардан, белгілі бір комитетте жұмыс істеу үшін қажетті кәсіби білімі бар Университет қызметкерлерінен тұрады.

6.4.21. Ректор Қамқоршылық кеңестің комитеті (лері) мен жұмыс топтарының төрағасы бола алмайды.

6.4.22. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі Білім және ғылым саласындағы бақылау комитетінің аумақтық департаменттерінің өкілдері оның отырыстарына дауыс беру құқығынсыз бақылаушы ретінде қатысуға жіберіледі.

6.5. Сырттай отырысты өткізу тәртібі

6.5.1. Сырттай отырыс Қамқоршылық кеңес Төрағасының немесе мүшелерінің бастамасы бойынша өткізіледі.

6.5.2. Сырттай отырысты өткізу кезінде бірыңғай нысандағы орыс, қазақ немесе ағылшын тілдерінде дауыс беруге арналған бюллетендер және дауыс беруге қойылған мәселелер бойынша материалдар Қамқоршылық кеңес мүшелеріне сырттай дауыс беруді өткізу туралы шешім қабылданған күнінен бастап он жұмыс күнінен кешіктірілмейтін мерзімде жіберіледі.

6.5.3. Қамқоршылық кеңестің шешімдері сырттай дауыс беру арқылы қабылдануы мүмкін.

6.5.4. Сырттай дауыс беруге арналған бюллетеніде мынадай ақпарат болуы тиіс: Университеттің толық атауы, дауыс беруге арналған бюллетені дері қабылдаудың аяқталу күні, дауыс беруге қойылған әрбір мәселенің тұжырымы, дауыс беруге қойылған мәселелер бойынша шешімдердің тұжырымы және ол бойынша "жақтау", "қарсы" және "қалыс қалды" деген тұжырымдармен көрсетілген дауыс беру нұсқалары; дауыс беру тәртібі туралы

 ALMA ALMATY MANAGEMENT UNIVERSITY	П-РЕК-ОР-2	Қамқоршылар Кеңесі туралы ереже	Редакция _	Беті 7/10
--	------------	------------------------------------	------------	-----------

түсініктемелер; бюллетеньге Кеңес мүшесі қол қоюы керек екенін көрсету, толтырылған бюллетенінді жіберу үшін байланыс ақпараты.

6.5.5. Егер белгіленген мерзімде алынған бюллетендер шешім қабылдау үшін кворум құраса, сырттай дауыс беру арқылы шешімдер қабылданды деп танылады. Бюллетен түпнұсқада, электрондық нысанда орыс, қазақ немесе ағылшын тілдерінде ұсынылады және қабылданады.

6.5.6. Сырттай дауыс беруге арналған бюллетенъ электрондық пошта арқылы жіберілген жағдайда бюллетенъдің электрондық нұсқасы толтырылуы, қол қойылуы және сканерленген турде жіберілуі тиіс.

6.5.7. Дауыс беруге арналған бюллетенъдерді қабылдау аяқталған күні Қамқоршылық кеңестің хатшысы келіп түскен бюллетенъдердің есебін жүргізеді. Бюллетенъдері бюллетенъдерді қабылдаудың белгіленген күнінен (уақытынан) кешіктірілмей алынған Кеңес мүшелері сырттай дауыс беруге қатысқан болып есептеледі.

6.5.8. Сырттай отырыстың хаттамасы толтырылған бюллетенъдерді қабылдау аяқталған күннен бастап үш күн ішінде Қамқоршылық кеңестің мүшелеріне электрондық пошта арқылы жіберіледі. Қамқоршылық кеңестің кезекті отырысында Төраға оның мүшелерін отырыстың хаттамасына енгізілетін сырттай дауыс беру нәтижелері туралы хабардар етеді.

6.5.9. Қамқоршылық кеңестің Төрағасы Қамқоршылық кеңестің шешімдерінің уақтылы орындалуын бақылайды.

6.5.10. Қамқоршылық Кеңестің шешімін орындауға жауапты Ректор орындаушыларға орындау мерзімдерін көрсете отырып нақты тапсырмалар береді және шешімдердің белгіленген мерзімдерде орындалуын бақылауды жүзеге асырады.

6.6. Қамқоршылық кеңес жұмысының сапасын бағалау

6.6.1. Қамқоршылық кеңес жұмысының сапасына бағалау жүргізу Қамқоршылық кеңес жұмысының тиімділік дәрежесін, Төраға мен мүшелердің тартылу дәрежесін, олардың жұмысының Университеттің даму қажеттіліктеріне сәйкестігін айқындауға және Қамқоршылық кеңестің қызметі жақсартылуы мүмкін салаларды анықтауға бағытталған.

6.6.2. Бағалауды жүргізу туралы шешімді университеттің корпоративтік мәдениетін дамытуға Қамқоршылық кеңесті тарту қажеттілігін негізге ала отырып, Қамқоршылық кеңестің төрағасы қабылдайды. Шешімде бағалау мерзімі мен әдісі анықталады.

6.6.3. Бағалау алдыңғы кезеңдегі бағалау нәтижелерімен салыстырмалы сипатта болады.

6.6.4. Қамқоршылық кеңестің мүшелері қосымшаға сәйкес сауалнаманы толтырады.

6.6.5. Бағалау қорытындыларын Қамқоршылық кеңестің Төрағасы қорытындылайды және Қамқоршылық кеңестің отырысында талқыланады. Мұндай отырыста Қамқоршылық кеңестің мүшелері әрбір мүшениң, тұтастай алғанда Қамқоршылық кеңестің жұмысын тұжырымдамалық түрде талқылауға, олардың жұмысының тиімділігін тәмендететін факторларды анықтауға және тиімділікті арттыру жолдарын ұсынуға және қамқоршылық кеңестің жұмыс әдістеріне түзетулер енгізуге тиіс.

6.6.6. Бағалау туралы ақпаратты ашу Қамқоршылық кеңес мүшелеріне құпия есеп беруден тұрады, онда: бағалау жүргізу фактісі мен нысаны, талқылау нәтижелері және қабылданған шаралар көрсетіледі.

6.6.7. Қамқоршылық кеңес пен оның мүшелерінің қызметін бағалау критерийлері:

- * Қамқоршылық кеңестің жұмысын құжаттамалық және ақпараттық қамтамасыз ету;
- * Корпоративтік мәдениет: Қамқоршылық кеңестің құрамы, құрылымы және жұмыс ресімдері;
- * Қамқоршылық кеңестің негізгі құндылықтары, рөлі мен міндеттері;
- * Кеңес отырыстарында талқылауға катысу, катысу және белсенділік дәрежесі;

6.6.8. Сауалнама 2 бетте ұсынылады. Жауаптар электрондық поштага жіберіледі. бағалау жүргізу жарияланған күннен бастап 10 (он) күн ішінде хатшының мекенжайына жіберіледі.

6.9. Қамқоршылық кеңестің хатшысы толтырылған сауалнамаларды Қамқоршылық кеңес тәрағасының назарына ұсыну үшін бірынғай құжатқа жинактайды.

6.7. Қамқоршылық кеңестің жұмысын және Қамқоршылық кеңестің мүшелігін тоқтату.

6.7.1. Қамқоршылық кеңестің жұмысын тоқтату:

- Университет Құрылтайшысының бастамасымен.
 - Университетті тарату және қайта қору көзінде.

6.7.2. Қамқоршылық кеңестің мүшесі Қамқоршылық кеңестің қурамынан шығарылады:

- жеке бастама бойынша;
 - дәлелсіз себептермен отырыстарда қатарынан уш реттөн артық болмауы себебінен

Осы Ережемен таныстыым және қелісемін:

 ALMA ALMATY MANAGEMENT UNIVERSITY	П-РЕК-ОР-2	Қамкоршылар Кенесі туралы ереже	Редакция _	Беті 9\10
--	------------	------------------------------------	------------	-----------

Қосымша

Сауалнама 2 бетте ұсынылған. Сауалнама 10 минуттан аспайды.
Жауптар электрондық поштага жіберілуі керек. Хатшының әл.поштасы:
a kaumenova@almau.edu.kz.

№	Сіз "иә" немесе "жоқ" жауабын таңдау арқылы осы пікірмен келісесіз бе:	Жауап: Иә / Жоқ
1	Қамқоршылық кеңес отырыстарының күн тәртібін Тेрага Қамқоршылық кеңес мүшелерінің ұсыныстарын ескере отырып жасады	
2	Қамқоршылық кеңестің мүшелері саналы шешімдер қабылдау және Университет қызметіндегі аса маңызды мәселелер мен үрдістерді түсіну үшін Қамқоршылық кеңестің отырысына дейін күн тәртібіндегі мәселелер бойынша жеткілікті ақпарат алады	
3	Қамқоршылық кеңестің отырыстарында мүшелердің маңызды мәселелерді талқылауы мен баяндамалар арасындағы уақыт дұрыс бөлінген	
4	Қамқоршылық кеңестің сандық және сапалық құрамы Университеттің қажеттіліктеріне сәйкес келеді	
5	Қамқоршылар кеңесі өзінің рөлін, өкілеттіктері мен міндеттерін толық түсінеді	
6	Қамқоршылар кеңесі жалпы басшылық бойынша өз функцияларын тиімді орындауды	
7	Қамқоршылық кеңестің мүшелері өз функцияларын тиімді орындау үшін Университеттің қызметін және оның ерекшеліктерін зерттеуге жеткілікті уақыт бөледі	
8	Қамқоршылық кеңес мүшелері Қамқоршылық кеңес отырыстарының материалдарын зерделеуге жеткілікті уақыт бөледі	
9	Қамқоршылық кеңес мүшелері Университет қызметіне елеулі әсер етуі мүмкін негізгі тәуекелдерге жеткілікті көніл бөледі	
10	Қамқоршылар кеңесінің мүшелері Университеттің құндылықтарын, миссиясын, стратегиясын біледі және түсінеді және негізгі мәселелерді шешуде жоғарыда айтылғандарды ескереді	
11	Қамқоршылық кеңес мүшелері Университеттің ішкі нормативтік құжаттарымен таныс	
12	Қамқоршылар кеңесінің мүшелері Университетті және оның құндылықтарын өз ортасында насихаттайды	
13	Қамқоршылық кеңес мүшелерінің Қамқоршылық кеңес отырыстарынан басқа Университет лауазымды тұлғаларымен қарым-қатынас жасау үшін жеткілікті мүмкіндігі бар	
14	Қамқоршылық кеңес мүшелерінің Университеттің басшылығымен және құрылымдық бөлімшелерімен өзара іс- қимылы тиісті деңгейде қамтамасыз етіледі	
15	Қамқоршылар кеңесінің мүшелері лауазымды тұлғаларға дұрыс сұрақтар қояды, олардың көзқарастары мен бағалауына сынни мән береді	

 ALMA ALMATY MANAGEMENT UNIVERSITY	П-РЕК-ОР-2	Қамкоршылар Кеңесі туралы ереже	Редакция _	Беті 10\10
--	------------	------------------------------------	------------	------------

16	Қамқоршылық кеңестің Төрағасы Қамқоршылық кеңестің мүшелерінің жұмысын тиімді ұйымдастыруды, отырыстарды дайындауды және өткізуді Қамқоршылық кеңестің мүшелерін қамтамасыз етеді	
----	---	--

17. Қамқоршылар кеңесінің жұмысына қатысу деңгейін бағалаңыз (1-өте төмен, 2-төмен, 3-орташа, 4-жоғары, 5-өте жоғары): _____

18. Алдағы жылды Университетті дамыту үшін қандай үш басым бағытты көріп отырсыз? Төмендегі берілген кеңістікті пайдаланыңыз:

19. Егер Сізде Қамқоршылық кеңестің жұмысын жақсарту бойынша ұсыныстар болса, оларды төмендегі берілген кеңістіктек көрсетіңіз:

Нысанның бас жағы

20. Сізден Қамқоршылық кеңеске қосылу үшін ҚР және шетелден сарапшыларды ұсынууды сүраймыз. Төмендегі кеңістікті пайдаланыңыз:

Нысанның бас жағы